

Мен өзімді танимын ба?....

07

Оқу мақсаты:

Медиақұралдардағы шартты
белгілердің мағынасын түсінеді.

20 б.

Бірге талқылайық.






***КІМНЕН
КӨМЕК
СҰРАЙСЫЗ?***



surak-zhauap.kz
сұрақ және жауап сайты






Шарт: үш өнімнің бірін таңдаңыз.

**СІЗ ҚАЙСЫСЫН
ТАҢДАЙСЫЗ?**


Сәбіз

Кофе

Жұмыртқа



СӘБІЗ





Жұмыртқа



кофе









Мәтінді оқыңыз.


Әкесінің қызықты тәжірибесі

Әке мен қызы әңгімелесіп отырғанда, қызы өмірінде көп *қиналып* жүргенін және қиыншылықты қалай *жеңуді* білмейтінін айтып, әкесіне *мұңын шертеді*. Әкесі тыңдап болып: «Жүр қызым, саған бір нәрсе көрсетейін», – деп асүйге апарады. Әкесі әйгілі аспаз екен. Газ пешіне бірдей көлемде үш ыдыс қойып, үшеуіне де бірдей мөлшерде су құйып, үшеуінің де астына бірдей мөлшерде от жағады. Бірінші ыдысқа сәбіз, екінші ыдысқа жұмыртқа, үшіншісіне бір уыс кофе дәнін салады. Үшеуін де тура жиырма минут қайнатып, кейін отын *сөндіреді*. Үстелге екі табақ және бір стақан қояды. Алдымен піскен сәбізді алып, ыдысқа салады. Сосын әбден піскен жұмыртқаны екінші ыдысқа салады. Ең соңында суда еріп *бабына келген* кофені стақанға құяды.

Әкесі қызынан: «Не көріп тұрсың?» – деп сұрайды. Қызы: «Сәбіз, жұмыртқа, кофе», – деп жауап береді. Қызының қолынан ұстап, үстелдің жанына жақынырақ апарады. Әке, мұны не үшін көрсетіп жатырсыз?» – деп сұрайды. Әкесі: «Бәрі бірдей көлемдегі ыдыста, бірдей температурада, бірдей уақытта қайнады. Бірақ әрқайсысы әртүрлі сипатқа ие болды.



Ақ қалпақ



**Мәтіндегі
негізгі**

ақпаратта

р

Қызыл қалпақ



Ішкі

сезім

Қара қалпақ



**Теріс
(негативті)
ойлау**

Сары қалпақ

ЛОГИКАЛЫ
Қ
ПОЗИТИВТІ
ОЙЛАУ



Жасыл қалпақ



ШЫҒАРМАШЫЛЫ

Қ

ОЙЛАУ

Көк қалпақ



ҚОРЫТЫНДЫЛА
у